

**Ж**ұрт көп жиылатын жердің бірі еді. Абайсыз кіріп келе жатып, табалдырықтың оң жағында, яғни Жаңақала жағы емес, Сырдария жағында шыт жаңа ақ қағазға ораулы бір нәрсеге көзі түсті.

«Баяғыда Сарнияздың Салқамбайы көшеде келе жатып мың сом тауып алып, байлыққа жеткен. Ол кезде байлыққа қолы жеткеннің баққа да қолы жеткен заман ғой. Шалқамбайдың аға сұлтан, Шыныбайдың помощник күнінде соларға барып, қазы, майор болыпты-мыс», деген әңгімені естігенім бар-ды.

Тағы-тағы пәленшекендер де, түгеншекендер де ақша тауып алған деген сөздер есімде болатын.

– Біреу-міреуден түсіп калған ақша болмас па? – деп әлгі қағазға көзді қадай қойдым.

Жалғыз бұл қағаз емес, бұрын да көшеде жүргенімде, бір көзім алдымда келе жатқан кісіде болса, екінші көзім анадай жерде жатқан қағазда болатын. Ондай қағазды көргенде: «Ай, осының ішінен калайша ақша шықпай қалар екен?» – деп, қолға алып көретінмін. Олардың кейбіреуі жай қағаз, кейбіреулері ақша төлеген иесіне жете алмай жолда жазым болған газет байғұстың қағазы, кейбіреуі «орысшаға аударып әкел» деп «резолюция» салынған қазақша жазылған арыздың қағазы болып шығатын.

Онан соң, кейде, қолына қалам алса, жел ызындап тұр, су сырылдап тұр, тау қырылдап тұр, ағаш шыжылдап тұр, күн қып-қызыл боп батып, қып-қызыл боп атып тұр деп жазатын драмашылар бар ғой. Әлгі қағаздың кейбіреуі осындай драманың қағазы болатын. Кейбіреуі білім ордасында қабылданып, бірақ, ешкім түсінбеген соң жарамсызға айналған пән сөздері жазылған қағаз болатын. Кейбіреуі кәмпиттің қағазы болып, қысқасы не керек, неше алуан қағаздар болып шығатын.

Бұрын талай алдансам да, дәл осы жолы жаза баспаспын дедім де, әлгі қағазды қолыма алдым. Өйткені, сырты жап-жаңа «маған ақша ораулы жатыр» деп айғай салғандай болып тұр.

Артистердің айлығын мезгілінде алып тұра алмайтын уақыттары болушы еді. Әсіресе, осы кезде көздеріне ақша көрінсе, айрылысқалы жеті жыл болғаннан бетер жылап көріскелі жүрген жайлары бар еді. Құдай сәтін салып, егер көбірек болатын болса, мұқым, тіпті Әміреге, Елубайға, Қалыбекке, Исаға, Серкеге, Құрманбекке, артист тұрсын, театрдың директоры Жұматтың өзі де кенеліп жүрген жоқ, бәріне бөліп беріп, қарық боп қалайын дедім де, әлгі ақшаны, әй, ақша емес-ау, әлгі ораулы қағазды қалтама салдым.

Ақша емес деген қаперімде жоқ. Бір оңаша жерге барып санайын, қанша екен, кісі басы неше сомнан келеді екен деп, бір бұрышқа келіп ашып қарасам, сорлы басым, ақ қағазға ораулы төрт-бес хат екен!..

Бірақ, хат болғанда қандай?!..

Тіпті мұқым ақшаңызға бергісіз қыздың, жігіттің, молданың хаттары екен. Менің естіген, тапқанымды сендерге сөйлейтін әдетім бар ғой, сол хаттарды оқып берейін деп тұрмын. Қане, естимін дегендеріңіз бәріңіз де қол көтеріп қараңыздаршы! Дұрыс, көпшілік екен. Ал оқимын.

### *Жігімнің хаты*

**Ж**аным Мәржәния!

Ауызша да талай айттым ғой, мен сені сүйемін. Бір сен үшін бырысып күйген тайтерідей өртеніп, от боп күйемін. Сені көрмесем, түйенің өзі көзіме торғайдай боп көрінбейді. Жегенім желке, ішкенім ірің. Басқаным жер емес, дарияның суындай. Аяғымды бассам, май табаныма тікенек қадалғандай боламын. Сенсіз өткізген бір секундым екі-үш жылдай көрінеді. Осы айтқандарым «честное слово», құдай біледі-ау, енді қалай нандырайын, нағыз расым.

Осы хатты алған соң, маған байлап хат жаз. Байлағанда хатты емес-ау, сөзінді байлап жаз. Жазғанда неңді ашып отырып, «тоесть» ішкі ойынды мұқым ашып жаз.

Мәржәпия, жаным, менің саған ашып жазайын дегеніммен, аса сүйетінімді бұрын да талай айтып, осы хатқа да жаздым ғой. Енді екеуміз толайым қосылайық. Тоесть, екеуміз де күйеуге шығайық. Шыққанда мен әрине, саған күйеуге емес, сен маған күйеуге шық та, мен саған қатынға шығайын. Мен сеніменен косылу үшін, тоесть, сенімен неке қиысу жолында жүйкем қиылатын болса да дайынмын. Загске барам десең, загске, мешітке барам десең оған да дайынмын, тіпті шіркеуге барайық десең одан да кашпаймын.

Осы айтқанымның бәрі «честное слово», құдай біледі-ау, одним словом, мен сені тіпті мұқым, жүдә сүйемін. «Люблю!» — депті. «Фамилиясы» танылмады. «Мағлұм Малқамбайың» деп қол қойыпты.

### *Қыздың хаты*

**Ж**олдас Малқамбай!

Хатыңызды алдым. Ашып жаз деген екенсіз, ашып жазайын. Мен сізбен загсте де, мешітте де, шіркеуде де, ешқайда неке қоса алмаймын. Себебі, ілгергі өмірде екеуміздің тілегіміз қайшы келетінін мен әркімнен анық сұрастырып білдім. Сіз «опа» жаққанды, бетгі, ерінді қызартып далап жаққанды жек көреді дейді. Мынауыңыз қызық қой! Басқалар еріндерін жидек жегендей қып-қызыл қылып бояп алып жүргенде, мен жалақ болған кісіше ернім боп-боз болып қалай жүремін!..

Онан соң, сіз көйлектің етегінің қысқасын, иық, омырауының ашығын жек көреді деп есіттім. Бұл да мені шын сүймегендігіңізге дәлел. Шын сүйетін болсаңыз, көйлектің етегі неғұрлым тізеден асып қысқарғанын, иықтың, омыраудың кеудеге қарай ашыла түскенін жаратар едіңіз.

Сіз бұлардың бәрін жеккөргенде басқа себеп жоқ, тек қана ақша қимайтындықтан, сарандықтан ғана жеккөреді деп есіттім. Бұлай болғанда, көйлек қысқарту сіздің тілегіңіз емес пе? Өйткені, кем болғанда екі метр шүберектің ақшасы қалтаңызда қалып отырмай ма? Мысалы, қырдың бір әйелін алсаңыз, оның жаулығы, мәсісінің қонышы ала бөтен шығын емес пе? Қала әйелі жаулық орнына бір жібек шәйі, кебіс-мәсі орнына бір жылтырауық бәтеңке болса, қанағат ете саламыз. Бұл жағын ойламағаныңызға таңым бар!

Оның соңында, сіз әйелдің шаруашыл болғанын, яғни, қой, сиыр сауғанын қалайтындығыңызды есіттім. Шаруаны істер едім. Бірақ, қой, сиырды қайтіп сауып отырам?! Сауар да едім, тазалығы болса! Мәселен, өзіңіз ойлаңызшы, қойды «қош» деп желінге салып қалып сауып отырғанда, шелектегі сүтке мейіздей боп құмалақтар «тырс-тырс» етіп түсіп кеткенде, мен қырдың әйелдерінше «бісімдә» деп алып тастап, сауа бере алармын ба?... Жоқ... Европа тәрбиесін алған әйелдерге мұндай істеуге мүмкін емес!

Онан соң неше жерден «честное слово» десеңіз де, мені сүйетініңіз бекер екен. Шалқамбайдың қызына да «сүйемін» деп хат жазыпсыз ғой. Екі қыздың, «тоесть», «екі кемеңгі құйрығын ұстаған суға кететінін» ұмытпаңыз. Міне, осы себептермен екеуіміз қосыла алмаймыз. Мағлұмыңыз Мәржәпия депті.

### *Молданың хаты*

Сізге, ғызетке, құрметке ылайық көрдікміз Малқамбай Мырзаға, оның бер жағында советский хукіметша айтқанда Малқамбай товарышымызға жазған хатыңыз алқамдүліла, сәләмәт тиді. Аның соңында сіз айтқан екі ұрғашы, яғни екі әйел бала сізге өз нәпіслерімен ықтиярлық ығлан етмәган болса, сіз айтқандай олардың басын айналдыру, біз ғарып Алла тағала құлына оңай. Басқа молдалар әлбәтта, біздей нете ал-

майды, яғни айналдыра алмайды. Аның соңында, ол айналдыру дұғасының мынадай шартылары бар дүркі: ол екі әйелдің тұлымдарынан шаш керек. Ол шашты дұға оқып, аттайтын табалдырығыңның астындағы жерге көму керек, Және екі шағым қант оқып беремін. Сол қантты мәжілістесіп неткен болып, яғни шайларына салып ішкізу керек.

Мұның соңында, сіз мәртәбәлі адамсыз, жақсы жалуна (еңбекақы – С.Б.) ашайсыз. Бұл ретте бізді әлбетте, яқшылап сыйларсыз. Біздікі осыны кәсіп еткен, яғни бала-шағаның нәпакасы ғой.

Қалам тербетуші Әбділдә молда депті.

Бұл үш хатты оқып, мен мынадай қорытындыға келдім. Бастапқы жігіттің қызға, одан соңғы қыздың жігітке жазғаны. Ал үшінші хат Малқамбайдың екі қыздан түңіліп, дағдарып барып Әбділдә молдаға хат жазып, содан алған жауабы ғой деп ойладым.

Малқамбай Әбділдә молданың айтқан шарттарын орындауға тырысқан болуы керек. Үйткені хаттардың арасында бірі қара, бірі сары екі түрлі шаш жүр. Бұл Мәржәпия мен Шалқамбайдың қызының шашы емей «би ағалардікі» дейсіз бе? Қантты езіп ішкізген, ішгізбегенін біле алмадым. Қане, осы қорытынды дұрыс дегеніңіз, соғыңыздар алақанды!

### **1928 жыл «Жаңа әдебиет»**

*Бұл әңгіме 1928 жыл басында Қалыбектің (Қуанышбаев – С.Б.) сахнада айтуына арналып жазылған еді. Сондағы қалпынан өзгертілген жоқ.*